

**Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 276 "2020-2022 жылдарға арналған Жайсаңбай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 26 наурыздағы № 297 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 1 сәуірде № 6953 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Ырғыз аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 276 "2020-2022 жылдарға арналған Жайсаңбай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6731 тіркелген, 2020 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер "31 644" сандары "34 099" сандарымен ауыстырылсын:

оның ішінде:

трансферттер түсімі "31 055" сандары "33 510" сандарымен

ауыстырылсын;

2-тармақшасында:

шығындар "31 644" сандары "34 099" сандарымен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1- тармақпен толықтырылсын:

"5-1. 2020 жылға арналған Жайсаңбай ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін:

дендрологиялық жоспар әзірлеуге -2455 мың теңге."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Ырғыз аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Біргыз аудандық мәслихатының 2020 жылғы 26  
наурыздағы

№ 297 шешіміне қосымша

"Біргыз аудандық мәслихатының аппараты" ММ

2020 жылғы 6 қаңтардағы № 276 шешіміне 1-

қосымша

## 2020 жылға арналған Жайсаңбай ауылдық округ бюджеті

Санаты				Сомасы (мың теңге)
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	34 099
1			Салықтық түсімдер	579
	01		Табыс салығы	120
		2	Жеке табыс салығы	120
	04		Меншікке салынатын салықтар	459
		1	Мүлікке салынатын салықтар	5
		3	Жер салығы	13
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	441
2			Салықтық емес түсімдер	10
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	10
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	10
4			Трансферттердің түсімдері	33 510
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	33 510
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	33 510

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				II Шығындар	34 099
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	9 539
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	9 539
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	9 539
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	9 179

		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	360
04			Білім беру	21 446
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	21 446
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	21 446
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыру	21 446
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	282
	2		Әлеуметтік көмек	282
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	282
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	282
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2832
	3		Елді мекендерді көркейту	2 832
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 832
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	120
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	40
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2 672
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			V. Бюджет тапшылығы	0
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0